

«Парасат» басқармасы Шымкент қаласының ЖОО мен колледждері арасында «Ізгілік елшісі» жобасын үйлестіруші болып келеді.

«Ізгілік елшісі» - студенттерден құралған еріктілер тобы кіретін, азаматтық қоғамның белсенділігін арттыруға, жастарды еріктілікке тартуға көмектесетін жоба.

**Жобаның мақсаты** – адамгершілік пен мейірімділікті дамыту, жас ұрпақты сыйластыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Жобаның маңыздылығы жастарды көмекке мұқтаж жандарға: көпбалалы, аз қамтамасыз етілген отбасыларға, жалғызбасты аналарға, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуге тарту.

Негізгі идея – жастарды мейірімділікке, әдептілікке, қайырымдылық көмекке шақыру. Біз бұл құндылықтар туралы тек сабақтарда ғана емес, нақты іс-әрекеттерімізбен де көрсетуіміз қажет. Жоба көмекке мұқтаж адамдар мен жақсылық жасағысы келетіндер арасында байланыс қызметін атқарады.